Сарыкөл ауылдық округі
жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы №1

Абай ауылы 09.01.2026 жыл
Әкімшілік ғимараты сағат 15:00

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны - 13.
Жиналысқа қатысып отырған мүшелерінің саны - 7.
Қосымша қатысушылар саны - 2.

Сарыкөл ауылдық округі бойынша **жергілікті қоғамдастық төрағасы Б.Бисен** қоғамдастық жиналысын ашты:

- Жиналыс хаттамасын жүргізу үшін хатшыны сайлау қажет. Тоқмырза Әлішер Ердәулетұлын жиналыс хатшысы етіп сайлау туралы ұсыныс түсті. "Қолдағандар"- 9, "Қарсы болғандар" - жоқ, "Қалыс қалғандар" - жоқ дауыс берілді.

- Құрметті жиналыс мүшелері, жиналыстың күн тәртібіне көшеміз.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 2026 жыл көлемінде Сырдария өзені Абай ауылы тұсындағы қалқымалы көпірді уақытылы-күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу туралы.

Жиналыстың осы күн тәртібіне дауыс беруді сұраймын:

"Қолдағандар" - 9," Қарсы болғандар "- 0, "Қалыс қалғандар" - 0

Жиналыстың күн тәртібі бекітілді.

Ауылдық округ әкімі Р.Бердімұраттан күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес шұғыл түрде қандай жұмыстар атқаруға болатыны жөнінде қысқаша хабарлама сұралды.

Сарыкөл ауылдық округінің әкімі Р. Бердімұрат:

- Сырдария өзені бойындағы қалқымалы көпір кешегі күнге дейін Қазалы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің теңгерімінде болып, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын осы аталған мекеме жүргізіп келді.

Ауылдық округтер 4 деңгейлі дербес бюджет негізінде жұмыс жасайтындықтан шұғыл, уақыт күттірмейтін жұмыстар туындаған жағдайда сатып алу заңдылықтарына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы жұмыстар жүргізуге мүмкіндігі болуы себептен 2025 жылдың аяғымен қалқымалы көпірді ауылдық округтің теңгеріміне өткізді.

2026 жылға қалқымалы көпірді күтіп ұстау жұмыстарын жүргізуге Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі - Бұйрық*) **506-бөлігі,** 508-бөлігі талаптарына сәйкес елді мекен аумағындағы 3 (үш) әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, төмен баға ұсынған әлеуетті өнім берушіге, келісім шарт жобасын жасауға мүмкіндіктер бар.

Жергілікті қоғамдастық төрағасы Б.Бисен:

- Құрметті жергілікті қоғамдастық мүшелері олай болса жиналыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша өз ұсыныс-пікірлеріңізді айтсаңыздар.

1. **А.Бердикулов:**
   - Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпір Абай ауылының аудан орталығына баратын негізгі жол қатынасы және елді мекен аудан орталығынан 18 км қашықтықта орналасқан. Қалқымалы көпір болмай қалған жағдайда елді мекеннен аудан орталығынан 50-60км айналма жол жүру ауыл тұрғындары үшін қолайсыз.

2. **Ғ.Ерназар:**
   - Дарияға байланысты қиыншылықты бұрыннан білеміз. Ең қауіптісі көктемгі сең жүретін мезгіл. Сол уақыттары мердігер анықталмай өзіміз жасаған уақыттар болды. Төмен баға ұсынған нақты жұмыс жасайтын мердігерге келісім шарт жобасын жасап шұғыл шешім қабылдау керек.

3. **Н.Әуез:**
   - Су деңгейінің көтерілуіне байланысты қалқымалы көпірдің екі жағы құм көтеру, траптарын бекіту және күтіп ұстау жұмыстарын жүргізуге шұғыл түрде шешім қабылдау керек. Су шайып жол қатынасы тоқтаған жағдайда тұрғындар мұз үстімен жүруі мүмкін. Ең бірінші адам өмірінің қауіпсіздігі.

4. **К.Шалабаев**:
   - Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпірді қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізу үшін шұғыл шешім қабылдап тұрғындарға қолайлы жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Күн тәртібіндегі мәселе жан жақты талқылана келе жергілікті қоғамдастық жиыны ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарыкөл ауылдық округі әкімі Р.Бердімұратқа Абай ауылының Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпірді уақытылы күтіп ұстау жұмыстарына төмен баға ұсынған мекемеге келісім шарт жобасын қолданыстағы Заң талаптарына сәйкес жіберуге, жұмыстар жүргізу тапсырылсын.
2. Жергілікті қоғамдастық жиналысы хаттамасының 1 данасы «Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсырылсын.

Төраға **Б.Бисен**

Хатшы **Ә.Тоқмырза**